

Қылмыстық–атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 19 қазандағы N 1106 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2012 жылғы 06 қарашадағы N 2714 тіркелді. Күші жойылды - Катонқарағай аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 01 сәуірдегі N 1319 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Катонқарағай аудандық әкімдігінің 01.04.2013 N 1319 қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 1-тармағының 14-2), 14-3) тармақшаларына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7-бабы 5-5) тармақшасына сәйкес, жұмысқа орналасуда қиыншылықтарды бастан кешіріп жүрген қылмыстық–атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды әлеуметтік қорғау мақсатында, оларды жұмыспен қамту үшін, Катонқарағай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қылмыстық–атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, сондай–ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін жұмыс орындарының жалпы санынан бір пайыз мөлшерінде жұмыс орындарының квотасы белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б. Рақышеваға жүктелсін.

3. Қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

4. Катонқарағай аудандық әкімдігінің «Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұлғалар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы» 2011 жылғы 22 қыркүйектегі (2011 жылдың 05 қазанында нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 5-13-93 тіркелген, 2011 жылғы 14 қазанда аудандық «Арай-Луч» газетінің № 73 (7479) санында

жарияланған) № 492 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

міндетін атқарушы

А у д а н ә к і м і н і ң
Р. Құрмамбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК